

ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ

Облигациялық бағдарламаның көлемі

50 000 000 000 (елу миллиард теңге) Теңге

Толық атауы:

"ОнлайнКазФинанс Микроқаржы ұйымы"
акционерлік қоғамы

Қысқартылған атауы:

"ОнлайнКазФинанс МҚҰ" АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Облигациялардың осы шығарылымы (бұдан әрі – Облигациялар) облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады

Эмитенттің толық атауы: "ОнлайнКазФинанс Микроқаржы ұйымы" акционерлік қоғамы

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні: 09.12.2022

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні;

28.08.2025

2) облигациялық бағдарламаның шығарылымы жүзеге асырылатын шегіндегі көлемі

50 000 000 000

3) облигациялық бағдарлама шегіндегі барлық алдыңғы облигациялар шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әр шығарылым бойынша бөлек жеке), оның ішінде:



3.1. Облигациялар шығарылымын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) тіркеу күні:

28.08.2025

3.2. Облигациялардың түрі және саны:

7 000 000 қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

3.3. Шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі:

7 000 000 000

3.4. Орналастырылған облигациялар шығарылымының саны:

0

3.5. Облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі:

0

3.6. Есептелген сыйақы сомасы:

0

3.7. Төленген сыйақы сомасы:

0

3.8. Сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны:

Эмитент төртінші облигациялық бағдарлама шегінде облигациялардың бірінші шығарылымын сатып алуды жүзеге асырмады

3.9. Эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамаған фактісі туралы мәлімет (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы:

Жоқ

3.10. Облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) болса, сондай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі:

Қолданылмайды

3.11. Облигациялар айналысы жүретін нарықтар, сауда-саттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда:

Аталған шығарылым әлі орналастырылған жоқ

3.12. Ұстаушылардың айналысындағы облигациялармен ұсынылатын құқықтары, соның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде жүзеге асырылған және ұстаушылардың аталған құқықтарын жүзеге асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтары:

Аталған шығарылым әлі айналыста емес

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі. Облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болатын жағдайда, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) Теңге

Бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылмайды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



3) облигациялардың саны

7 000 000 (жеті миллион) дана

4) облигациялар шығарылымының жалпы көлемі

7 000 000 000 (жеті миллиард) Теңге

5) облигациялар бойынша номиналды құнының валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

Теңге

Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі

Осы шығарылымның орналастырылатын Облигацияларына ақы төлеу "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) қағидаларына сәйкес қолма қол ақшасыз нысанда ақшамен жүргізілетін болады.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесі және ол болған жағдайда қосымша сыйақы. Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе алынбауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Купондық сыйақы мөлшерлемесі Облигациялардың айналысының барлық мерзіміне бекітілген шама болып табылады және Облигациялардың номиналды құнының жылдық 21% (жиырма бір пайыз) құрайды. Облигациялар бойынша қосымша сыйақы қарастырылмаған.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) сыйақы төлеу күні

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап ай сайын жылына 12 (он екі) рет жүргізіледі.

3) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталған күн

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінде аяқталады.

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – "Тіркеу күні") төленеді.

Сыйақыны төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелері бойынша ақшаны қолма-қол ақшасыз аудару жолымен жүзеге асырылады.



Әрбір Облигация ұстаушыларына төлеуге жататын купондық сыйақының сомасы, төлеу күні тиісті Облигация ұстаушыға тиесілі орналастырылған Облигациялардың атаулы құнын шығарған сияқты және купондық сыйақының айлық мөлшерлемесімен (Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі, он екіге бөлінген) есептеледі.

Купондық сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт база есебінен жүргізіледі.

6. Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде:

- 1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақшаның түсу талаптары және болжамды мерзімдері
- 2) облигацияларды ұстаушыларға негізгі шарт бойынша құрылған мүліктің меншік иегерінің ауысқаны және кредиторлардың өкілдерін арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізу және олардың өкілеттіктері туралы ақпарат ұсыну тәртібі
- 3) бөлінген активтердің есебінен жүзеге асырылатын жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетумен, инвестициялық басқарумен байланысты арнайы қаржы компаниясы шығыстарының тізбесі
- 4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)
- 5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:



- 1) оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері
 - 2) секьюритизлендіру мәмілесіндегі оригиналатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері
 - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі
 - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі
 - 5) талап ету құқықтарының біртектілік өлшемдері
 - 6) сыйақы төлеу және бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу тәртібі мен кезектілігі
 - 7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандырудың тәртібі мен кезектілігі
- Жатпайды

8. Облигацияларды орналастыру талаптары және тәртібі

- 1) облигацияларды орналастырудың басталған күні

Облигацияларды орналастырудың басталу күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

- 2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған

9. Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:

- 1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні

Облигациялар айналысы басталған күні болып Биржаның ережелеріне сәйкес Биржа сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттық өткізу күні болып табылады. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның ресми интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

- 2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар айналысының аяқталу күні Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күні болып табылады.

- 3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Жылдар	Айлар	Күндер
3	0	0

4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

- ұйымдастырылған
- ұйымдастырылмаған

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі

1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде.

2) облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)

Соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны Эмитент уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеуге арналған соманы есептеу үшін "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-да (бұдан әрі – "Орталық депозитарий") ашылған шотқа әрбір облигация ұстаушыға төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын облигация ұстаушылардың тізімін қоса бере отырып аударарды.

Орталық депозитарий Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың осы банк шоттарына аударуды жүзеге асырады.

3) егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі

Облигацияларды өтеу кезінде купондық сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда:

1) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары

Директорлар кеңесі тиісті шешімді қабылдаған жағдайда Эмитент Облигацияларын бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың бүкіл айналыс мерзімі ішінде толығымен немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы келесідей анықталады:

- сатып алуды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырған кезде -сатып алған күні Биржадағы сауда-саттық нәтижесінде қалыптасқан баға бойынша;
- сатып алуды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асырған кезде -Эмитент сатып алған жағдайда өзіне тиесілі Облигацияларды сатуды жоспарлап отырған Облигацияларды ұстаушы мен Эмитент келіскен баға бойынша.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзінің сатып алынған облигацияларын Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алуы Облигацияларды ұстаушылар құқықтарының, сондайақ Қазақстан Республикасының Эмитенттің өз облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы заңнамасы талаптарының бұзылуына әкеп соқтырмауы тиіс. Эмитент орналастырылған (сатып алынған облигацияларды шегеріп тастағанда) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) ашады.

2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі

Эмитент Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – "ҚЕД") (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нарыққа нұсқау;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілген күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:

ұйымдастырылмаған нарық бойынша

(а) Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және

(б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

ұйымдастырылған нарық бойынша - облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау.

Эмитент орналастырған Облигацияларды сатып алу Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімімен айқындалған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, өздеріне тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттің Директорлар кеңесі қабылдаған Облигацияларды сатып алу туралы шешім туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Ұйымдастырылған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:



1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы

Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша келісімдерді (шектеулерді) сақтауы тиіс:

- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;
- Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартта және/немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге.

2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда, Эмитент бұзушылық анықталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы бұзушылықтың туындау себебі, осы бұзушылықтарды жою әдісі мен мерзімі толық сипаттасымамен осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті.

Көрсетілген ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізу Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде:

- Облигацияларды сатып алу;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні: бұл ретте сатып алу өткізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:

- ұйымдастырылмаған нарық бойынша - (а) Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- ұйымдастырылған нарық бойынша - Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілген күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:

- ұйымдастырылмаған нарық бойынша - (а) Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- ұйымдастырылған нарық бойынша - Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттықты өткізу әдісіне нұсқау;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орналасырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша Облигацияларды келесі бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға;

- Облигациялардың әділ нарықтық бағасы.

3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі

Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғаш жариялағаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитенттің атына беруге құқығы бар, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдауға міндетті.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы, оның ішінде Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдағаны туралы ақпаратпен Облигацияларды ұстаушылар Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Облигацияларды ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда сатып алу туралы өтініш беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондар; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген нөмір, күн және орган; тұрғылықты жері; телефон; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы тиісті шешімімен Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерінде қосымша мәліметтерді көрсету қажеттілігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жүргізілген жағдайда, Облигацияларды сатып алу жүргізілген күні Облигацияларды ұстаушы Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде айқындалған тәртіппен Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийдің атына өзіне тиесілі Облигацияларды есептен



шығаруға бұйрық беруге тиіс.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигацияларды өтеуге құқығы бар.

13. Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар

2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)

Банктер туралы заңның 61-10-бабында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға конвертациялау талаптарын көрсетеді

Жатпайды

14. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.



17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат жеке және заңды тұлғаларға несие беруді қаржыландыруға және жалпы корпоративтік мақсаттарға пайдаланылатын болады.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі



эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі

Мемлекеттік тіркеу күні

Мемлекеттік тіркеу нөмірі

Облигациялардың түрі

Саны

Көлемі

Есептелген және төленбеген пайыздар

Жатпайды

19. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

1) эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы

Облигацияларды ұстаушылардың келесі құқықтары бар:

- Осы проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімдерде Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының купондық сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа қағидаларына сәйкес және белгіленген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Осы проспектіде көрсетілген жағдайларда, оның ішінде осы проспектіде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған жағдайда Эмитенттің Облигацияларды сатып алу талабының ету құқығы;
- Облигацияларды еркін сату және өзге де жолмен билік ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

2) эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

Өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығару жағдайында осы облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі

Облигацияларды ұстаушылардың өз Облигацияларын сатып алуды талап ету құқықтарын жүзеге асыру шарттары, тәртібі мен мерзімдері осы тармақшада одан әрі айқындалады:

а) егер Эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының (бұдан әрі – "Бағалы қағаздар рыногы туралы заң") 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы бар.

Эмитент Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың:

- (i) жиналған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, мемлекеттік емес облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен;
- (ii) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған мемлекеттік емес облигациялардың нарықтық бағасымен (осындай баға болған кезде);
- (iii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған бағамен (егер эмитенттің облигациялары бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналысқа түспесе) сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына Облигациялар сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жазбаша сатып алу туралы өтініштер беруге құқылы, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініштер қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда, Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде:

- Облигацияларды сатып алу;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні - бұл ретте сатып алуды өткізу күні Эмитент Облигацияларды сатып алу туралы Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:

(а) Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және

(б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті.

Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алу күні;
- есептеу тәртібі, оның ішінде:

(а) Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және

(б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;

- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

б) Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын өткізу тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 20-тармағында көрсетілген.

с) Эмитент проспектіде көзделген мерзімдерде кез келген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған және жоймаған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектінің 12-тармағында көзделген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

3) өзге де құқықтар

Облигацияларды ұстаушыларының бастамасымен облигацияларды сатып алу:

Облигацияларды ұстаушылар Облигациялар Эмитентіне тиісті жазбаша талап жіберу

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



арқылы Облигациялар айналысының 2 (екінші) жылы өткеннен кейін бір рет жүргізілетін облигацияларды Эмитентке сатып алуға ұсынуға құқылы (бұдан әрі – "Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу"). Эмитент өз кезегінде проспектінің осы тармағында көзделген шарттарға сәйкес Облигацияларды сатып алу туралы жоғарыда аталған жазбаша талаптарды берген ұстаушылардан Облигацияларды сатып алуға міндеттенеді. Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу күніне жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигацияларды сатып алуды ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша жүргізеді. Облигацияларды ұстаушылар Облигацияларды сатып алу құқығын Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Эмитентке өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талапты Облигациялар айналысының 2 (екінші) жылы аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберу арқылы іске асыра алады.

Облигацияларды ұстаушылардың бұл талабында мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- Егер Облигацияларды ұстаушы заңды тұлға болып табылған жағдайда Облигацияларды ұстаушының толық заңды атауы, тіркеу мәліметтері және мекенжайы;
- Егер Облигацияларды ұстаушы жеке тұлға болып табылса, Облигацияларды ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері;
- Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуға ұсынылатын Облигациялар саны.

Облигацияларды ұстаушылардан соңғы жазбаша талап алынған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитент Директорлар кеңесі Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды. Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады. Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу туралы Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ақпаратты "Қазақстан қор биржасы" АҚ www.kase.kz ресми интернет-ресурсында, Қаржылық есептілік депозитарийінің www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Жарияланған мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті ақпаратты қамтуы тиіс.

Бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу құқығын іске асырғысы келетін және Эмитентке осы проспектінің тармағында көрсетілген мерзімдерде тиісті жазбаша талап берген Облигацияларды ұстаушылар Эмитент оларды сатып алу мақсатында өз брокері арқылы Облигацияларды сатуға бұйрықты уақтылы беруі тиіс, осы бұйрықты орындау күні Эмитент Директорлар кеңесінің тиісті шешімінде көрсетілген Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды Сатып алу күні болып табылады. Эмитент Облигацияларды ұстаушылар тиісті жазбаша талаптарда мәлімдеген мөлшерде және көлемде сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Облигацияларды ұстаушының жазбаша талабында дұрыс емес ақпарат көрсетілген жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушының осы жазбаша талабын қанағаттандырмауға құқылы. Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша талаптар негізінде ғана жүргізіледі. Ұстаушылары өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоймаған Облигациялар осы проспектіде көзделген тәртіппен Облигациялардың айналыс мерзімі өткеннен кейін өтеледі.

Облигацияларды ұстаушылардың бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сондай-ақ Эмитенттің өз Облигацияларымен мәмілелер жасау тәртібі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



әкеп соқпауы тиіс.

Ұйымдастырылған нарықта сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзінің сатып алынған Облигацияларын олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында кері сатуға құқылы.

20. Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

1) туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі

Дефолт - бұл Эмитенттің Облигациялары бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы төлеу үшін осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент мерзімі өткен әрбір күн үшін (нақты төлем күні тұрақсыздық айыбын есептеудің соңғы күні болып табылады) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындау күніне (нақты төлем күні) немесе оның тиісті бөлігіне қайта қаржыландырудың базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, облигацияларды ұстаушыларға тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық төлемеу Эмитенттің сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Эмитенттің Облигацияларды ұстаушылардың банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуы не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ның Эмитентке Облигацияларды ұстаушылар тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбауы нәтижесінде орын алса, Эмитенттің осы проспектіде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Облигациялар бойынша сыйақыны және (немесе) номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі Облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.

Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара және (немесе) толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуын болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей апаттар, соғыс қимылдары, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне шамалас мерзімге шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын Эмитент облигацияларды ұстаушылармен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



кредиторлардың келісімімен, оның ішінде облигацияның оны ұстаушыға беретін құқықтарын ескере отырып, оның Директорлар кеңесі қабылдайды қабылдайды. Эмитент дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып және тәртіпте, мерзімде облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) ұстаушылардың жазбаша талаптарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті. Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және Облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы мәселелер енгізілуге тиіс, бұл Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімдеген Облигациялардың (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының) көлемін және (қажет болған жағдайда) Облигациялар шығарылымының проспектісіне енгізілуі мүмкін өзгерістер жобасын ескере отырып жасалуы тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін естігі туралы шешім қабылданса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауы кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде өз міндеттемелерін орындамаса Облигациялар бойынша негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтарының одан арғы әрекеттері Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды ұстаушыға беретін құқықтарды ескере отырып, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында оның қағидаларында белгіленген тәртіппен және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми түрде интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке қойылатын талаптармен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін атап шығу;
- Дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.

Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты тапсыру қарастырылмаған.

4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілікте болатын тұлғалар жоқ.

21. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті, эмитенттің ақшалай қаражаттар көздері және ағымдарының болжамы осы проспектінің 1-қосымшасында келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Жатпайды

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и



1) төлем агентінің толық атауы

"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050040, Сәтпаев к-сі, 30/8, тұрғын емес үй-жай 163

+7 (727) 262 08 46, 355 47 60

BSN 970740000154, ЖСК № KZ267660000600860100, КБе 15

3) төлем агентімен жасалған шарттың күні мен нөмірі

№ Б/н, 19.11.2020

24. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы:

толық атауы: Консультациялық қызметтер қолданылмаған

қысқартылған атауы: Консультациялық қызметтер қолданылмаған


2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері: өкілінің орналасқан жері: Консультациялық қызметтер қолданылмаған

байланыс телефондарының нөмірлері:

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі: ,

Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Уәкілетті тұлға



Электронная цифровая подпись:

**МУХАМЕДЖАНОВ АДиль
БЕКТАСОВИЧ**

(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и

